

**«Панфилов жалпы орта білім беру мектебі»КММ**

**Білім алушылардың білім жетістіктерінің  
мониторингі**

---

---



## Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ) білім беру ұйымдарынан тәуелсіз "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті [стандартына](#) (бұдан әрі – МЖБС) сәйкес білім алушылардың білім сапасын жүйелі бақылау болып табылады.

ББЖМ тестілеу нәтижелерін дайындау мен өткізуді, өңдеуді және жүйелі талдауды, кейіннен әдістемелік көмек көрсетуді және білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтиды.

# Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі



Өткізіледі  
жыл сайын:

мектептерде-  
көктемде(*сәуір*),

Білім беру  
ұйымдарын  
қамту 25%  
дейін

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі білім беру ұйымдарынан ТӘУЕЛСІЗ ЖҮЙЕЛІ үздіксіз бақылау түрлерінің ішінен оқыту сапасы үшін

ББЖМ МАҚСАТЫ:

бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейінде - жаңартылған тиісті білім беру деңгейінің МЖМБС шеңберінде білім алушылардың білім сапасын бағалау;



бастауыш, негізгі орта білім беру  
ұйымдарында (4, 9-сыныптар)

ББЖМ өткізу:

- мектептерде 4 және 9 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға, яғни өмірлік жағдайларда білім мен дағдыларды қолдануға, сондай-ақ аналитикалық, логикалық ойлауды дамытуға бағытталатын болады;
- ББЖМ мемлекеттік бақылаудың бір түрі емес және білім алушы үшін де, білім беру ұйымы үшін де ешқандай құқықтық салдары жоқ. МОДО жанынан білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірлей отырып, **әдістемелік көмек көрсетілетін болады.**

# 4 және 9 сыныптарға арналған ББЖМ форматы

## 4 сынып

### Оқу сауаттылығы:

Бір дұрыс жауапты таңдаумен 10 тест тапсырмасы (бірінші мәтінге-4 тапсырма, екінші мәтінге – 6 тапсырма)

### Математикалық сауаттылық:

Бір дұрыс жауапты таңдаумен 12 тест тапсырмасы

### Жаратылыстану сауаттылығы:

Бір дұрыс жауапты таңдаумен 5 тест тапсырмасы және контекстке негізделген 3 тапсырма, барлығы 8 тест тапсырмасы

### **Компьютерлік тестілеу:**

**105 минут** (25 мин. тестілеу + 15 мин. үзіліс +  
25 мин. тестілеу + 15 мин. үзіліс +  
25 мин. тестілеу)

Тест тапсырмаларының барлығы-30

Максималды балл-30

## 9 сынып

### Оқу сауаттылығы (қазақ, орыс, ағылшын)

Тест тапсырмаларының саны-30, оның ішінде әр пән бойынша-бір дұрыс жауапты таңдаумен 10 тест тапсырмасы;

Максималды балл – 30

### Математикалық сауаттылық

Тест тапсырмаларының саны-25, оның ішінде бір дұрыс жауапты таңдаумен 15 тест тапсырмасы және контекстке негізделген 10 тест тапсырмасы;

Максималды балл – 25

### Жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география)

Тест тапсырмаларының жалпы саны-20: 4 контекст, әр контекстке бір дұрыс жауапты таңдаумен 5 тест тапсырмасы, барлығы 20 тест тапсырмасы

Максималды балл – 20.

### **Компьютерлік тестілеу:**

**180 минут** (40 мин. тестілеу + 10 мин. үзіліс +  
40 мин. тестілеу + 10 мин. үзіліс +  
40 мин. тестілеу + 10 мин. үзіліс)  
30 мин. тестілеу)

Тест тапсырмаларының барлығы– 75

Максималды балл – 75